

ғына сеніммен қарауға болады.

Сонымен, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненті болып табылады. Тәрбиенің күрделі процесінің маңызды бір қыры студенттердің патриоттылыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір студенттің дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет. Өйткені отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына, өзін онымен байланысты сезінуіне мүмкіндік береді, ал бұл болса, оның өмірде өзіне сенімді болуына, рухани және адамгершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Бейсембаева А.А. Патриотическое воспитание старшекласников средствами казахского героического эпоса: автореферат ... канд. пед. наук: 13.00.01. – А.: АНПУ им. Абая, 2004. – 25 с.

2 Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.

3 Таубаева Ш.Т. Халық педагогикасына негізделген тәжірибені жинақтаудың кейбір мәселелері. “Халық педагогикасы және психологиясы дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісіне қолданылуы” атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Рауан, 1992. – 115–116 б.

4 Наурызбаев Ж.Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 190 б.

5 Оразбекова К.А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. – Алматы: «Дәуір», 2000. – 70–71 б.

МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛЫП ҚАЛУДА ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ НЕГІЗІ

Қасаболат А.Ж.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Бүгінгі жаһандану үрдісінде еліміздің алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарынан көрінуге және экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы, әлемдік білім кеңістігіне кіруі біздің алдымызға маңызды міндеттер жүктейді. Олай болса, әлемдік жаһандану және ұлттық тәрбие үрдісі тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік деңгей тұрғысынан зерттеуді қажет ететін бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Ұрпақтан ұрапаққа жалғасып келе жатқан халықтың ұлттық тәлім – тәрбиесінің үлгілерінің жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына, ұлттық тәрбиесіне ықпалын тигізеді сөзсіз. Сондықтан, халықтың тәлім-тәрбиелік тәжірибиелерін, өміршең идеяларын және өнегелі дәстүрлерін мектепте тәрбие үрдісі барымында пайдалану арқылы жастарымыздың бойында ұлттық рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыра отырып, дамытуда жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Қазіргі таңда жастардың бойында патриоттық құндылықтарды дамыту қоғамымыздың бірден-бір қозғаушы күші ретінде танылған аса өзекті мәселеге айналып отыр, әрі оқушыларды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу – бүгінгі жалпы білім беретін орта мектептің тәрбие жұмыстарындағы негізгі бағыттардың бірі.

Қазақстандық патриотизм идеясының қамтылу керектігі даусыз іс. Көп ұлтты мемлекетімізде халықтар арасындағы өзара түсіністікпен ынтымақтастықты нығайтуға мектептегі патриоттық тәрбиенің қызметі аса зор маңызды. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел», – деді Президент.

Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама? Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – «Мәңгілік ел» біздің өзіміздің қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. «Қазақстан 2050» мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол атап айтып алға қойылған тапырмалар берілген болатын. Сонымен қатар Елбасы патриоттық тәрбиені дамытудың басты негізгі қағида екенінде атап өтіп жастарға үлкен сенім артқан болатын. Маңызды тапсырма өйткені барымызды бағалап, асылымызды аялап, болашаққа жеткізетін жас ұрпақ болғандықтан мәңгілік елдің мәңгілік идеясында тарихта қалдыратын жас ұрпақ екені даусыз мәселе. Мәңгілік ел идеясының басты тұтқасы рухани құндылығы қазақ тілі екені анық. Ол туралы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз»-деген болатын /1; 5/.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсынұвтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, Отанымыз – Қазақстан! Тіл меңгеруде ата-ананың рөлі ерекше екенін, әр отбасы уыз шағынан балаға қазақ тілін үйретуді қолға алса, бұл тілдің еш қиындығы жоқ. “Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас” демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. М. Шахановша айтатын болсақ, қазіргі таңда өз тілін өгейсіп, «мәңгірттеніп» жүргендер көп. Шынында қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз-ақ жағдай. Сонымен қатар Елбасының «Жастары жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі биік болады» деген сөзі жастарға зор жауапкершілік жүктелгенін ұғынып, талай игілікті істерге бастау болса, патриоттық тәрбиенің бастауы болар еді. Мәңгілік елдің мәңгілік жырын жүректен жүрекке жеткізер еді.

Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Мәңгілік елдің мәңгілік тілі қазақ тілі, рухани қазығы.

Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығына енген кезеңде мемлекетіміздің негізгі нысаны болып, рухани-әлеуметтік асыл мұрат Қазақстандық патриотизм, Отанымыздың нығая беруі, елдікпен бірлік, мемлекетілік пен тұтастық ұстанымдары болып қала береді. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда.

Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесі көтерілмейтін, тәуелсіздігі күшеймейтін болса, қазақтың көші мүлдемге жуық тоқтауы ықтимал. Тіл – елдіктің киелі де қастерлі нышаны. Заманында билік, басқару төрінен ығыстырылып, бір ауық тәуелсіздігінен ажыраған ұлттың шектеулі, күнделікті қарым-қатнас құралының шегіне дейін құлдыраған ана тіліміз егемендіктің арқасында мемлекеттік мәртебесіне ие болып, биік тұғырына көтерілді.

Қазақстан азаматтары үшін патриоттық рухта тәрбиені дамыту туған елімізге қызмет ету мақсатында жүргізіліп төмендегі мемлекеттік деңгейдегі маңызды орын алатын құжаттар: «Қазақстан Республикасы Конституциясы» Қазақстан Республикасының Білім туралы

заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жж. арналған мемлекеттік бағдармаласы білім және тәрбие игеру үрдістерінде басшылыққа алынып отырады.

Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, жаһандану – объективті, көп қырлы және күрделі үрдіс. Ол мемлекетаралық біртұтастықты арттыратын, ортақ экономикалық, саяси, мәдени тәрбие қалыптары мен ережелердің бірыңғай жүйесін кіріктіретін әлемдік қауымдастық.

Өркениетті жаһандық әлемнің таңдаулы мүшесі болу – елдің рухани және мәдени қуатына, ғылымы мен біліміне байланысты.

Мәңгілік ел болып қалыптасуда Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық тұсында болады. Елімізді барынша дамытатын негізгі күш бүгінгі, жастар» – деп атап көрсеткен болатын. Осыған орай бүгінгі жаһандану жағдайындағы заман талабына сай тәрбие беру, оның мазмұны мен мақсатын, қағидалары мен міндеттерін қайта қарастырып, жаңарту қажеттігі күн сайын артуда /1, 5/. Білім және ұлттық тәрбие проблемасы қай заманда болмасын ұлттық ерекшелігімізбен мазмұндас зерттеу объектісі болды. Тарихқа көз жіберсек, ерте кезден-ақ, ғұлама ғалымдар әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашқаридың білім мен тәрбие мәселелері жайлы кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен мол рухани мұралары осы күнге дейін өзінің маңыздылығын дәлелдеп келеді. Солардың ішіндегі бірегейі, ойшыл, шығыс Аристотелі атанған әл-Фараби еңбектерінен ұлттық тәрбиенің негізі қаланды. Ол-тәрбие бүкіл танымның даму процесінде қалыптасқан адамзат мәдениетінің рухани қазынасының жиынтығы, – деп қарастырған еді /4/.

Атап айтсақ Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармалары – ұлттық тәрбиеде өзіндік орны бар құнды дүниелер. Оның «Мемлекет қайраткерлерінің афоризмдері», «Поэзия өнері», «Математикалық трактаттары» туралы т.б. еңбектері – осындай ұрпақ тәрбиелеуде маңызын жоймай ғасырдан ғасырға жалғасын тауып жеткен құнды дүниелер. Ғалым сонымен қатар тәрбие және білім беру, этика ғылымдарының салаларында құнды пікірлер мен қағидалар қалдырған. Әсіресе, жақсы мінез-құлықты қалыптастыру және дағды мен әдетке ерекше мән берген. Әл-Фараби тәрбиенің әдіс және тәсілдеріне сипаттама береді /4/. Тәрбие әдістері мадақтау, бетіне басып ұялту, көзін жеткізу, көндіру және т.б. тәлімгерден ерекше имандылық пен ізеттілікті талап етеді. Жас ұрпақты тәрбиелеуде Әл-Фараби ұстаздың өнегелік, тәлімгерлік қасиеттеріне мән берді. Ғұламаның айтуынша, белгілі тәлімгер-ұстаз өзінің жеке басына он екі тума табиғи қасиетті, алты өмірге келгеннен кейін қалыптасатын қасиетті бойына сіңірген дана адам болу керек деген болатынды.

Сондай -ақ Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Ахмед Йегүнекидің (XII ғ.) «Ақиқат сыйлары» сияқты шығармаларынан байқаймыз. Олардың барлығында халыққа білім игерудің аса маңызды екенін, жақсы және жаман қасиеттері туралы тағы басқа нәрселерден ой толғап, жан-жақты педагогика саласынан қамтиды. Бұлардан соң халық есінде ұлттық тәлім-тәрбие негізінде аса зор үлес қосқан ұлы ойшыл-жыраулар көтерілді. Олар ханға кеңесші бола отырып, ел басқару ісіне де көп көмегін тигізді. Ұлттық тәрбиенің тәлімдік негіздері Адам атадан бастау алып, бүкіл өмірі – өлеңге, өлеңі – өмірге айналған жыраулар арқылы жалғасын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Халқымыздың кемеңгер ағартушылары: Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов еңбектерінде келешек ұрпақтың «көзі ашық, көкірегі ояу» болып, саналы да тәрбиелі болуы жайлы айтып кеткен ой-пікірлерін бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде де басшылыққа алуымыз /5, 6, 7/.

Ш. Уәлиханов «ұлттық рухты» қайта жаңғыртуға шақырды. Өйткені, оның пікірінше, ұлттық рух – халыққа тән қасиет және ол табиғи орта мен қоғамдық құрылысқа байланысты. Өзінің бірқатар еңбектерінде Шоқан Уәлиханов белгілі бір халықтардың тұрмыс, дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, дін, географиялық орта ерекшеліктеріне мұқият талдау жүргізеді. Мәселен, ол қазақ халқының шешендік өнерінің ерекшеліктерін талдай отырып, осы өнерді шығыс халықтарының (ұйғыр, қырғыз, түрікмен және т.б.) тілдерімен салыстырады. Ғалымның ұйғарымы бойынша, фольклорда халықтың психологиясы нақтылы түрде көрініс табады,

поэзия бір халықтың тыныс-тіршілігін, оның мінез-құлқы мен әдет-ғұрпын, ұлттық сипатын қорытындылау үшін аса бай материал береді.

Абайдың ой, еңбек, дене, эстетикалық, отбасылық тәрбиеге деген көзқарасы өзіндік ерекшелігімен және сонылығымен айрықшаланады. Ғұламаның пікірінше, эстетикалық талғам, мақсат-мұрат, көркемдік дарын мен шеберлік, шығармашылық түйсік, қазақ әндері мен күйлерін орындау дәстүрлері – тәрбиенің негізі болып табылады.

Егеменді ел болғалы елдің тарихында, мәдениетінде, дүниетанымында жаңаша мазмұн белең алды, жаңаша рухани өрлеу үдерісі басталды, осы тұста зерттеуші ғалымдар С.Қалиев, С. Ғаббас, М. Оразаев, К. Оразбекова, Е. Табылдиев, Қ.Ж. Қожахметова, Ж.Ж. Наурызбаев, Р.К. Төлеубекова, М.Х. Балтабаев, С. Ұзақбаева, Т. Сабыров, М. Құрсабаев, Қ. Бөлеев, Т.Әлсатов, Ж. Асанов, Қ.Т. Ибраимжанов, т.б. қазақұлттық тәрбиесін заман талабына сай дамытудың жаңа тұжырымдарына лайықталып жазылған еңбектерін көпшілікке ұсынған /8/. Мемлекеттің ұлттық тілдерге деген қамқорлығына байланысты нормалар ҚР «Тіл туралы» заңында жалғасын тапқан. Мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат принциптері ҚР «Мәдениет туралы» заңының баптарында белгіленген. Ұлттық тәлім-тәрбие берудің мазмұнын анықтауда ҚР «Білім туралы» заңының, оның ішінде «Білім беру жүйесі» және «Білім беру мазмұны» тарауларының маңызы зор.

Мемлекеттік – ресми және реттеуші құжаттар. Ел Президентінің ұрпаққа ұлттық тәлім - тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеяларын жүзеге асыру мақсатында бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес бекіткен: Әлеуметтік-мәдени даму (1993); Гуманитарлық білім беру (1994); Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат (1995); Тарихи сананың қалыптасуы (1995); Этникалық-мәдени білім (1996), тұжырымдамалары, солармен қатар Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы (1998), «Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің қалыптасып, даму тарихын педагогикалық жоғары оқу орындарына арнайы пән ретінде енгізу туралы» (1991), «Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар тәрбиесі» (1995), «Жалпы білім беретін мектептердің дамуы» (1997) ресми құжаттары жарық көрді.

Қазақстан Республикасының этномәдениет тұжырымдамасында «Ұлттық тәрбиені дамытудың мақсаты – болашақ ұрпақты халық тәжірибесінің үлгілі істеріне тәрбиелеу», – деп көрсетуі өте орынды тұжырым /3/. Олай болса, халықтық тәрбиедегі мақсаттылық, білімділік орны және тәрбие саласында ортақ тәжірибелерді үйлестіре таратуы ұлттық тәрбиенің мәні мен тәлім-тәрбие ісіндегі ортақ ұғым – түсініктерін қалыптастырудың негізін құрайды. Ұлттық тәлім-тәрбиенің негізі мәңгілік елдің негізін құрайды.

Егер ұлттық тәрбие беру жеке тұлғаның рухани сапалық қасиеті, ұлттық құндылықтарды әлемдік өркениетті бағалаудағы мәдениет пен дәстүрлер жиынтығының өзекті тұғыры ретіндегі сипатын анықтай отырып, жаһандану жағдайында өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие беруді біртұтас процесте оңтайлы жүзеге асырылса, оқу-тәрбие үрдісінің жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген ұлттық әлеуетінің артуын қамтамасыз етеді. Мәңгілік ел болып қалыптасуда ұлттық патриоттық тәрбиесі дамыған жекке тұлға болып қалыптасады.

Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бығыты атты халыққа жолдауында өркениеттің шыңына жетуді мақсат ететін және оның жолдарын нақты белгілейтін нақты бағдарлама ұсынды. Бұл Жолдауда ғылым, білім, және жастар мәселелері ерекше орынға қойылған. Әсіресе, «білім және кәсіби машық- заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарында» Елбасы «Бәсекеге қабілетті ел болу үшін біз сауатылығы жоғары елге айналуымыз керек». Біздің халқымыздың педагогикасының негізгі мақсаты «Жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» – деп жазылған /1/.

Білім мен тәрбие берудің негізгі мақсаты- Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ететін оны бүкіл дүние жүзіне мойындататын, онымен тең қарым – қатынас жасап, Қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан жақты дамыған адамдарды тәрбиелеу. Қазіргі таңда

жастардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыру қоғамымыздың бірден- бір қозғаушы күші ретінде танылған аса өзекті мәселеге айналып отыр, әрі оқушыларды отан-сүйгіштік рухта тәрбиелеу – бүгінгі жалпы білім беретін орта мектептің тәрбие жұмыстарындағы негізгі бағыттардың бірі. Қазақстандық патриотизм идеясының қамтылу керектігі даусыз іс. Ол білім берудегі мемлекеттік принцип. Көп ұлтты мемлекетімізде халықтар арасындағы өзара түсіністікпен ынтымақтастықты нығайтуға мектептегі патриоттық тәрбиенің қызметі аса зор маңызды.

Қазақстан азаматтары үшін отансүйгіштік рухта тәрбие беру тұған елімізге қызмет ету мақсатында жүргізіліп төмендегі мемлекеттік деңгейдегі маңызды орын алатын құжаттар: «Қазақстан Республикасы Конституциясы» Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жж. арналған мемлекеттік бағдармаласы білім және тәрбие игеру үрдістерінде басшылыққа алынып отырады. Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері.

Президенттің «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасына сай мынадай тұжырым жасасақ болады, патриоттық тәрбие бастауларынан нәр алған мәдениетті парасатты жастар оқу-біліммен өзінің өмірлік мұратына айналдырып, жан-жақты ізденетіні, ғылыммен шұғылданып сөсіз. Білім мен ғылым шындығында аса зор өндіргіш күш, үлкен байлық. Сондықтан да әлемдік жаңа идеология білім күшіне сүйенеді. Сондай-ақ қазіргі замандағы білім беру жүйесінің міндеті қазіргі жастарымыздың білім алып қана қоймай, тәрбиелі, әдепті, ұлтжанды, бір сөзбен айтқанда, интеллектуалды болуын қамтамасыз ету. Патриоттық тәрбие-ұлттық сана сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінде құрамдас бөлігі. Мақсаты–патриоттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүддесін өрендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастырады алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу міндеті–мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық интеллектуалдық мінез–құлық қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуы қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуы қамтамасыз ету ;қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениетті сана-сезімді ұлттық рухты қалыптастыру.

Жаһандану заманында тәуелсіз қазақ елі үшін бірінші тұрған мәселенің бірі – ұлттық тәрбие мәселесі. Өйткені, егемендігімізді қолымызға алған заманда, болашақ қазақ мемлекетінің нық тұрып, ілгері дамуы үшін тек қана материалдық қамын ойлай бермей, рухани жандүниелерін кеңейтіп өсуі үшін ең алдымен жастарды ұлттық тәрбиелік біліммен баулып оқыта білгеніміз орынды.

Біздің ұлттық даму тарихымызда алғашында М. Дулатидің «Жаһаннама» еңбегінен белгілі болған бұл ұғым, Қазақстан ұлттық энциклопедиясында «Жаһандану, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. Global – әлемдік, дүние жүзілік, жалпы) – жаңа жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі» – деп көрсетілген /5/.

Қазақ халқының өткен ұрпағы артына жазба мәдениетін қалдыра алмағанмен, ауызекі үлгілермен өздеріне тән рухани мұралар жүйесін жасай білген. Осы рухани мұралар жүйесінің ішінде қазақ халқының диалектикалық ойлау элементтері мен халықтық тәрбиелеу бағытының алатын орны ерекше.

Көпшілік жұрт, жалпы қауым жеке адамнан бастап әлемдік өзгерістерге дейінгі аралықтағы болып жатқан құбылыстарды түсінуге әрекет жасап, өз білігі мен танымын кеңейтіп отырған. Табиғи таным процесі келесі ұрпаққа беріліп, әрі қарай жалғастық тауып, жетіліп, дамыған. Осының өзін халықтың даналық – философиясы деп түсінгеніміз жөн. Өйткені танымды тереңдетуге, жетілдіруге, көзқарасты негіздеуге байланысты нәрселердің бәрі ауызекі тілде даналықпен, философиямен байланыстырыла ұғындырылады.

Егер қазақ халқының таным барысындағы, ойлау жүйесіндегі диалектикалық элементтерін қазақ философиясы деп алатын болсақ, оның негізгі тарихи даму бағыттарын жалпы

әлемдік философия тарихының даму заңдылықтарын басшылыққа ала отырып былайша көрсетуге болар еді: күнделікті өмірден туған ойлар, дүниені тануға деген шынайы көзқарас; танымның діни жолдары мен басқа идеяларынан туындаған көзқарастар; табиғаттың, қоғамның, адамзаттың өзгеру, даму процесін ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіруге ұмтылушылық т.б.

Қазіргі кезеңде халық педагогикасы делініп жүрген қазақ халқының үйрету, тәрбиелеу жүйелерінің даму идеясын да дәл жоғарыдай жолмен түсіндіруге болады. Бұл жағдайда, біз – тәрбие деп аталатын адамзат қауымына ортақ және мәңгілік категорияның тарихи тұрғыдан жылжып, дамып, мазмұнының толығып, жетіліп отырғандығының куәсі боламыз. Сонымен қатар тәлім-тәрбиенің ажырамас егіз ұғым екеніне де көз жеткізуге болады.

Халық философиясы қоғамдық құбылыстардың әртүрлі заңдылықтарын, оның ішінде жас ұрпақ тәрбиесін де ой елегінен өткізіп белгілі бір тұрғыдан баға беруге меңзейді. Олай болатыны тәрбиенің түрлері, негізгі қағидалары халық дүниетанымымен, көзқарасымен айқындалып, сонан туындап отырады. Мәселен, бағзы заманғы адамдардың түсініктерінде сол кездегі танымдарының да табы бар екендігі зиялы қауым арасында талас туғызбаған.

Бұларға қоса, қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастарды жақтау немесе заңдастыру тәрбие үрдісінің алдындағы негізгі міндеттерінің бірі. Осы істерге халықтық педагогиканың да тікелей қатысы бар. Себебі, тәлімсіз-тәрбиесіз, бір жүйеге түскен адамгершілік өлшемсіз қоғамдық қатынастардың да жете дамуы мүмкін емес.

Халық педагогикасын халықтың үйрету, оқыту, бейімдеу, тәрбиелеу бағыттарындағы ғасырлар бойғы жиған-терген тәжірибелері десек, халықтық тәрбие деп біз белгілі бір ұлттың жеке адамға, соның ішінде балаға тәрбиелік ықпал етуінің тарихи қалыптасқан жүйесін түсінеміз. Бұл жүйе халықтың бүкіл өмір тіршілігімен, болмысымен біртұтастықта болады.

Қай заман болсын адамзат алдында тұратын басты міндет – адал, білімді, еңбексүйгіш ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Ананың бесік жырынан бастап, адамның жер қойына берілгеніне дейінгі өзі көріп-білген салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар – барлығы да адамның дүниетанымын қалыптастыратын өмір сабақтары. Күні кешеге дейін халықтық тәрбиеге мән берілмей келді. Ал, өмірден, тұрмыстан аулақ тұрған, халық педагогикасына негізделмеген, барлық ұлттар мен ұлыстар үшін ортақ тәрбие беру теориялары өзінің өміршең болмайтындығын дәлелдеді.

Біздің елімізде «ұлтжандылық» ұғымын жаңаша түсінуге ұмтылыс біздің елімізде тәуелсіздік алғаннан кейін көріне бастады. Кеңес заманында ұлтжандылық «ұлтшылдық» – «национализм» деп аударылып және оның ауқымы мен өрісін тарылтып, саяси, парасаттылық жағынан шектеулі өкілдерге тәнетіп көрсетті. Осыдан келіп «националист» болу кемшілік қана емес, сол кезеңдегі идеологияға жат қылықты адам, жат пиғылды іс болып санамыздан орын алды. Біздің ойымызша дұрыс мағынасында ұлтшыл, ұлтжанды болу – адам құқығын айыптау емес. Әрбір азаматтың ұлтжандылығы экономикалық, саяси, әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени т.б. өмір саласында ұлтының мүддесін қорғап, қамқорлық көрсетсе, имандылықтың нышаны болып табылады. Егемендікті сақтай отырып, болашаққа қарай ұмтылу – әзірге барлық адамзаттың өркендеуіндегі шынайы болашақтың детерминациясы болып табылады. Жаһандану үрдісінде ұлттық-мәдени құрылымдар толықтай біріге алмайды, әр ұлттың озық мәдени үлгісін таныту үрдісі қалыптаса алады, дүниетанымның дамуын туындататын және қалыптастыратын әлем бейнелері, ұлттық әлем бейнелері жан-жақты қалыптаса алады. Бұл жерде әр түрлі мәдениеттерде пайда болған әмбебаптықтар мәселелері жаңа қатынастарға шығу арқылы шешім табады. Ұлттық егемендікті сақтай отырып, болашаққа қарай ұмтылу – әзірге барлық адамзаттың өркендеуіндегі шынайы болашақтың детерминациясы болып табылады. Жаһандану үрдісінде ұлттық-мәдени құрылымдар толықтай біріге алмайды, әр ұлттың озық мәдени үлгісін таныту үрдісі қалыптаса алады, дүниетанымның дамуын туындататын және қалыптастыратын әлем бейнелері, ұлттық әлем бейнелері жан-жақты қалыптаса алады. Бұл жерде әр түрлі мәдениеттерде пайда болған әмбебаптықтар мәселелері жаңа қатынастарға шығу арқылы шешім табады.

Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі қазақ халық педагогикасы мен дәстүрлеріне қайта оралу ғана емес, ол – қоғамдық өмір талабынан туындаған қажеттілік, мәдениеттің әлеуметтік-тұрмыстық дәстүрлі түрлерін танып-білу, оның рухани бастауына терең бойлау, туған елінің, ұлтының өзіндік ерекшелігін аялап, сақтауға үйрету.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 «Қазақстан-2050» бағдарламасы // Ақиқат журналы. – №1 5. – 27 б.
- 2 Білім туралы: Заңы ҚР. – Алматы: Юрист, 2007. – 42 б.
- 3 Этномәдениет тәрбиесінің тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 7 тамыз, 1996.
- 4 Әл Фараби. Шығармалар жинағы. – А.: Қазақстан, 1971. – 245 б.
- 5 Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғ.ғ.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 160 б.
- 6 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: «Санат», 2001. – 178–180 б.
- 7 Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана: «Фолионт», 2007.
- 8 www.bnews.kz»

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВОСПИТАНИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА У СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

*Кельгенбаева К.А., Иванова Е.Н., Байменова К.С.,
Костанайский государственный педагогический институт, Казахстан
Разумова Л.П.,
Международный университет Кыргызстана, г. Бишкек, Кыргызстан*

*Патриотический дух необходим нам как воздух
Н.Н. Назарбаев*

Идея патриотического воспитания, его актуальная необходимость признаётся в каждом государстве и является одним из главных приоритетных направлений воспитания молодежи.

Понимая важность этой идеи, по инициативе Президента РК Правительство разработало Государственную программу патриотического воспитания граждан РК на 2006–2008 гг., основной целью которой является формирование у граждан высокого патриотического сознания, чувства гордости за свою страну, воспитание готовности к выполнению гражданского долга и конституционных обязанностей по защите интересов Родины посредством целенаправленного развития системы патриотического воспитания.

Основными задачами Программы являются:

- создание организационных предпосылок и системы мер, способствующих формированию у целевых групп граждан чувства осмысленной гражданской солидарности и сопричастности, межэтнического и межличностного взаимопонимания;
- обеспечение взаимодействия государства и общества в целом, государства и граждан в частности при проведении комплекса мероприятий по воспитанию казахстанского патриотизма, толерантности, уважения к правам и свободам человека;
- создание условий и социальных предпосылок для формирования цивилизованных гражданских и межличностных отношений;
- содействие работе по воспитанию патриотизма через формирование позитивных моделей поведения и популяризацию образа героя нашего времени среди молодежи.

Воспитание патриотизма всегда было и будет основной государственной задачей высшей школы.

Воспитание казахстанского патриотизма у студентов педагогических специальностей является приоритетным в учебно-воспитательном процессе в вузе. При этом надо учитывать, что казахстанский патриотизм – это не национальный, т.е. казахский, патриотизм, а общегосударственный патриотизм – именно «казахстанский».